

АҚМЕШІТ

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.



Мағжан

6+



ЖАСТАРЫ

№ 39 (472)

29 Қыркүйек, 2022 жыл

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті



Қызылорда қаласына – 204 жыл. Биыл қала күніне арналған түрлі бағыттағы мерекелік іс-шаралар қыркүйек айының алғашқы аптасынан басталып, әлі де жалғасуда.

Өткен аптадағы басты шаралардың легіне тоқталсақ, 23 қыркүйек күні Қызылорда қаласы тарихи музейінің ұйымдастыруымен қала күні мерекесі аясында «Шырайы артқан шаһар!» атты

ҚАЛА КҮНІ ҚАЛАЙ ТОЙЛАНУДА?

мерекелік көрменің ашылу салтанаты өтті. Көрмеге қалалық оқушылар мен жасөспірімдер үйінің қолөнер шеберлері, «Бегімәй» өнер орталығы және



облыстық білім басқармасының қалалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығындағы үйірме оқушыларының құнды қолөнер туындылары қойылды.

Осы күні шаһар төріндегі Қорқыт ата кешенінде орналасқан амфитеатр алаңында поэзия кеші өтті. Қала күніне арналған «Неге маған жырламасқа, Сырда туған елімді?!» атты кеште жергілікті ақындар жүрегіміздің астанасына арналған жырын оқып, сүйікті қаламыздың келбетін көркем сөзбен кестеледі. Алашқа белгілі ақындар Оңталап Нұрмаханов, Серік Ыдырысов, Қаршыға Есімсейітова, Қазына Өзденбаева, Елубай Әуезов, Мамыр Байдәулетовтер бастаған жыр кешін Толқын Қабылша, Назгүл Бердіқожа, Мәлдір Айтбай, Ғабит Қадірбаев, Ұлықбек Бекұзақұлы, Биболат Сәтжанов, Аружан Оралбай, Дина Бөкебай, Бексұлтан Бағдатұлы сынды талантты жас ақмешіт аспаны ән-жырға бөлгенді.

Поэзия кешін Сыр елінің талантты жас ақыны Ақжол Түменбай жүргізіп, өлеңсүйер көрерменге өзгеше леп сезіндірді.

— Өлімсақтан «Сыр елі – жыр елі» деген айдар тағып, қазақлықтың қаймағы бұзылмаған қазақ халқының қасиетті мекенге айналған Сырдария жағалауындағы шырайлы шаһардың өткені мен бүгінгі тарихта алтын еріппен жазылып келеді, жазыла да бермек. Бұл ретте «көшесінде жүріп сағынатын» ғажап қаланың жылнамасын жырмен жазып жүрген сіздердің орындарыңыз бір төбе. Қала тұрғындарын «Қызылорда» күнімен құттықтаймын!

Қаланың көркеюі үшін үлесімізді тигізе берейік, — деді қала әкімі Асылбек Шаменов.

25 қыркүйекте өткен «Жастық шағымның күесі – Қызылорда» атты облыстық ретро-фестиваль өзінің ерекше аурамымен, қатысушылардың қайталанбас нөмірімен есте қалды. «Мереке», «Сыр самалы», «Яксарт», «Экспресс», «Ритм», «Қазалы», «Б аймақ» секілді аймақтағы белді өнер

ұжымдарының ән-күйін тыңдауға жылыған халық күйбең тірлікті ұмыттып, қала күніне арналған концертте демалып қайтты.

23 қыркүйекте өткен ерекше шараның бірі – Батырхан Шүкенов атындағы саябақта ұйымдастырылған «Қызылорда менің көзімнен» атты қалалық жас суретшілер байқауы. Жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру, олардың көркемдік-шығармашылық қабілеттерін дамытумен қатар туған қаламыздың көркемдігін көрсете білу мақсатында ұйымдастырылған суретшілер байқауына қаладағы 55 мектептен 5-7 сынып оқушылары қатысып, шеберлігін шыңдады. Шығармашылық шабатына бөленді. Шара соңында жас суретшілер қала әкімі орынбасарының Алғыс хатымен марапатталды.

— Сурет салуға 6 жасстан бастап көңіл бөлім. Өкем сурет салғанды жақсы көреді. Сурет салуды өкпенен үйрендім. Менің де қызығушылығым оана бастады. Сондықтан сурет үйірмесіне қатысуды шештім.

Сайыс талабына сай қаланың көрікті жерлерін бейнелеуге мүмкіндік туды. Қала күні мерекесінің орны мен үшін де, отбасымыз үшін де ерекше. Себебі барлық естелік пен өміріміз осы қаламен байланысты, — деді жас суретші Медина Дәуренбекова. Қала күніне орай 24 қыркүйекте орталық алаң маңында өткен тағы бір бастама – «Жарқын Қызылорда» марафоны. Бірінші рет ұйымдастырылған марафонға қатысушылар 3 шақырым жолды жүгіріп, мөреге жетуі тиіс. Қатысушылардың жасына шектеу қойылмаған. Үш түрлі боюлы жолдан өткен марафоншылар байқауы орталық алаңдағы әдемі аң, көңілді бимен жалғасын тапты. Осылайша, қала күні басқа форматтағы шаралармен, әртүрлі жастағы тұрғындардың белсене қатысуымен аталып өтті

Аделина МӘДЕЛХАНҚЫЗЫ



– Жансая, бұл салаға қалай келдіңіз?

– Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 4-курс студентімін. Анам осы университеттің жылыжайында 10 жылдан аса уақыт жұмыс істеп, ғылыми бағытта студенттермен тәжірибе жасауда еңбек сіңірген. Ал қазіргі таңда өкем де, анам да «Болашақ» университетінің жылыжайында қызмет етуде. Анам Ақерке Тәжекеева – Болашақ мемлекеттік университетінің жылыжайында агроном, ауыл шаруашылығы ғылымының магистрі. Отбасымызбен түгел сол жылыжайда жұмыс істейміз. Непізнен анамның жылыжай саласында 25 жылдан аса тәжірибесі бар. «Яда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деген мақал бар ғой. Сондықтан ата-анам өмірде де, мамандық таңдауда да алғашқы ұстазым десем артық емес.

Университеттен бөлек үйімізде де түрлі мақсаттағы жеке жылыжайымыз бар. Қаладағы бірнеше мектептің жылыжай кешендеріне осы ғылыми бағыт бойынша кеңес беріп, сабақ етіп тұрамыз. Мәселен, № 264, № 101, «Дарын» мектептерімен үнемі байланыстамыз. Сонымен қатар жеке кәсіпкерлердің жылыжайларына да анализ жасап, бағыт-бағдар көрсетіп жүрміз.

– Цитрусты жемістердің патенті – өңірде бұрын сондық қолға алынбаған дүние. Грантқа ие болатыныңызға сенімді

болған шығарсыз?

– Осыған дейін де басқа бизнес жобаларды қорғап, грант конкурстарына қатысқан едім. Алайда ол кезде нәтиже болмады. Бірақ бұл жолы грант ұтатыныма сенімді болдым. Бизнес идеямызды жоба ретінде дайындап, ұсынғанда сұралған қайтарымсыз қаржының көлемі 5 миллион теңге болатын. Алайда конкурс бойынша іріктеу аяқталып, нәтижесінде 2 миллион 700 мың теңгеге ие болдым. Бұйырса, бұл қаражатқа лимон ағаштары мен құлпынай көшеттерін отырғызамын.

Қызылордада цитрустық жемістерді патенттеп, өсіруді қолға алып жатқан алғашқы кәсіпкерміз. Оған арнайы авторлық куәлік алдық. Бұл бизнес идея қашан, қалай туындады? Осыдан біраз бұрын «Болашақ» университетінде цитрусты жеміс, соның ішінде лимонды жерсіндіру мақсатында эксперимент жасап көргенбіз. Екінші жағынан студенттерге ғылыми тәжірибе болсын дедік. Нәтижесінде жемістерді жерсіндірдік. Енді осы эксперименттің қорытындысы ретінде әдістемелік нұсқаулық жазып жатырмыз. Кітапша түрінде жасап, осы бағытта білім алатын студенттерге ұсыну міндеті тұр.

– Қызылордада лимон өгүдін өрнекелігі неде? Қиындық болған шығар...

– Ең алдымен құлпынай өсіріп көрдік. Жаңа жеміс түрін егіп көрудегі алғашқы мақсат – жерсіндіру. Оны зерттеп, қала ішінде егіп көрдік те, өсетініне

көз жеткіздік.

Жалпы жылыжайда қажетті технологиясын сақтай отырып, әртүрлі өнімдерді өсіріп көруге болады. Температурасын, ылғалдылығын бақылап, қажетті дәрумендер мен қорегін уақытылы өз мөлшерімен беріп, заңдылықтарын сақтаса, нәтиже беруі мүмкін. Өріне, бұрын егілмеген жаңа жеміс түрлерін екенде, Қызылорда облысының топырағы бойынша тәжірибе болмағандықтан түрлі қиындық кездесті. Алайда қиындықтың бәрі – тәжірибе, білім. Бүгінгі күні жылыжайда лимон түйнек салып тұр.

Екі жемісті қатар өгүді жөн көруіміздің өзіндік себебі бар. Лимон ағашы алғашқы 2 жылында өнім бермейді, бірден түйнектемейді. Оларды күту керек. Цитрустық жемістер ылғалсүйгіш боп келеді. Сондықтан уақытты босқа жіберіп алмау үшін қосымша құлпынай өгүді жоспарладық. Құлпынай екеннен соң 1 айда-ақ жеміс береді. Бұйырса, лимонның алғашқы өнімін жинағанға дейін



Жақында Мемлекет тарапынан қолдау ретінде берілген Қайтарымсыз грантты ұтып алған Жансая Мейрамбекқызы цитрустық жемістерді жерсіндіру арқылы өніміне өрнекелік көсіп өсіріп, сұқбаттаудың сәті түскен еді.

жергілікті жерге құлпынай сатып, көсіп бастаймыз.

– Сұқбағыңызға рақмет!

Өңгімелескен Дина БӨКЕБАЙ

Арқадан атқа қонған жүзге жуық шабандоз қара жерді қайыстыра Түркістанға таяп келеді. «Апапат» партиясының қолдауымен тұңғыш рет ұйымдастырылған «Ұлы Дала жорығы» атты республикалық марафон-бәйгесінің мәреге жетуіне сәл қалды. Өйтсе де топырақты төңкерсе шапқан тарлан жануарлар өлі де бабында. Ал ертең – шын жүйрікке бәйге бұйырып, аты озған аймақ бөрігін көкке лақтыратын күн.

Еліміздің киелі жерлерін аралап, елордадан Түркістанға дейінгі 1200 шақырым қашықтық басып өтуі мақсат еткен дүбірлі жорыққа әр өңірден бір команда қатысуда. Марафон 100 шақырымдық 12 сатыға бөлінген. Шабандоздарға қойылған талапқа сай жорықтың жүлдесі де қомақты. Түркістан қаласына дейін ең қысқа уақыт ішінде жеткен команда мүшелері бас жүлде – «Ұлы дала сарбазы» атағы мен 30 млн теңге көлеміндегі жүлдені қанжығасына байлайды. Ал мәре сызығына ІІ және ІІІ жеткен мықтылар 20 млн теңге және 15 млн теңге қаржылай жүлденің иесі атанады деп күтілуде.

«Ұлы дала жорығы» түгел түркі халқы үшін қасиетті саналатын Түркістан мәреге жетеді. Бұл шешімді Түркістан облысына жұмыс сапарымен барған Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мәлімдеді.

– Жақында Астанадан бастау алған «Ұлы дала жорығы» санаулы күннен соң Түркістанда мәресіне жетеді. Мұның зор символдық мәні бар. Осы өңірде халқымыздың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы барынша сақталған. Бір сөзбен айтқанда, Түркістан – халқымыздың қаймағы бұзылмаған қасиетті мекені, – деді Мемлекет басшысы.

Ал жоба авторы Бақытжан Тұрлыбеков алдағы уақытта «Ұлы Дала жорығының» ұлттық брендке айналатынын атап өтті: – 12 күндік аламан жарыс ат спортына дұмпу беріп, ұлттық спортқа жастардың қызығушылығын оятты. Қазір бәрі қазақ аттарына соғым ретінде қарауға көшкен. Біз оның кереғар пікір екенін және қазақ аттарының 1200 шақырымдық жолды өңсере алатынын дәлелдегіміз келеді. Кезінде батырлар Атырау мен Алтайдың арасын қорғады емес пе? «Ұлы Дала жорығы» шабандоздары сол бабалар ізмен жүріп, тарихымызды қайта түлетті. Әр елдің брендін айналып дүниелер бар. Мысалы, Грекияда спартадықтар, Италияда легиондар, тағысын тағы. Бұл бәйге қазақ халқының брендін айналады деп ойлаймын, – дейді.

Қың көздерді, әсіресе Бетпақдаланың шөлді жазғын басып өту шеберлігін асырған шабандозға да, жүйріктігін байқатқан тұлпарға да оңайға соққан жоқ. Тіпті, ұзақ жолға шыдас бермеген Алматы командасы жарыс жолынан шығып қалды. Бұл жағдайды «Ұлы Дала Жорығы» марафон-бәйгесінің төрешісі Жанбатыр Бекмұсаев келесідей түсіндірді.

– 800 шақырым қашықтықта Алматы қаласы 3 атпен жарыстан шығып қалды. Себебі атының жай-күйі кәсіптеген. Ауысын мүлге әкелген қара аты әлсіздеу еді, жарысқа жарамай қалды. Регламентте жазылғандай, екі шабандоз қалса команда жарыс жолынан шығады. Дегенмен екі шабандоз жеке дара мәреге жетуге тәуекел етіп отыр. Ал аттардың жарыстан шығып қалуының бір себебі – жаңа жерге жерсінбей, бейімделе алмауы. Маңғыстау облысының аттары ыстықтан салқына, салқынан ыстыққа бара жатыр. Бейімделіп үлгерген жоқ. Жергілікті ауа райына байланысты салқын өңірден келген аттар 800 шақырымға жетпей шығып қалды», – деді ол.



БӘЙГЕ КІМГЕ БҰЙЫРААДЫ?



Гүлдана ЖҰМАДИН

Айта кетейік, жарыстың сегізінші күнінде шабандоздар Сырға ат басын тіреп, аялдаған болатын. Алыстан аргымағы оза шауып, үздік бестікке келген қызылордалықтар шашасына шаң жұқтырмаған жүйріктерді киіз үйі тігіп, ас-суымен қарсы алды. Жергілікті өнерпаздар дала төсінде ән салып, жырдан шашу шашты. Барша қазақтың басын қосқан дүбірлі дода ашық аспан астында қазақтың байырғы дәуірін еске түсірді. Облыстық мәдениет және спорт басқармасы басшысының орынбасары Асылжан Жаманқұл Арқадан бастау алған бәйге марафонына қатысушыларға сәт-сапар тіледі.

– «Ұлы Дала жорығы» – қазақ халқының салт-дәстүрін жаңғыратын, рухын көтеретін, еліміздің тарихын зерттеп, жаңа туристік маршруттар қалыптастыратын тың жоба. Тарихта ең ұзақ қашықтыққа созылған 1200 шақырымдық республикалық марафон-бәйге еліміздің түпкір-түпкірінен 20 команда, 100 шабандоз және 200 сәйгүлік қатысуда. Аламанға қатысушылар күніне 100 шақырыммен Қарағанды, Ұлытау облыстарын артта қалдырып, Алаштың анасы – Сыр өліне келеді. Алдағы жарыста барлық шабандозға сәттілік тілеймін, – деді ол.

Марафон-бәйгеің тоғызыншы күнінің қорытындысы бойынша алғашқы үздік үштіктің қатарында Ақтөбе командасы 77 сағат 21 минутта белгіленген жеңісі жүйрік етті. Қатарынан оза шапқан Маңғыстау шабандоздары 77 сағат 31 минутта мәреге екінші болып жетті. Ал Жетісу облысының командасы 79 сағат 52 минутта үшінші болып келді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, қазір жарыс сапында 8 команда, 25 жүйрік келе жатыр. Бір ескеретін жайт, шабандоздар Жошы хан басына аялдау үшін мейелі кезеңде 75 шақырым жүріп өткендіктен қысқарған жол есебін Созақ жерінде 120 шақырымға жол ұзартты.


«KERIM SULU»: САПА БАСТЫ ОРЫНДА

– Жанар, ұлттық қолөнерге ерекше мән беріп, қайта жаңғыртып жүрсіздер. Не үшін кәсіп бастауда осы бағытты таңдадыңыздар? Жалпы тігін саласына бұрыннан қызығасыздар ма?

– Кәсіп бастамас бұрын да ұлттық қолөнер жанымна жақын. Себебі колледж қабырғасында кәсіптік сапада білім алатын жастарға сабақ беремін. Аталған сапада тігін үйрету бағыты да қарастырылған. Ұлттық нақшығай тұндырлар деген қызығушылығымды 2017 жылы Англияға білімдіміз жетілдіруге барған сапарым арттыра түсті. Сол елден қайтар сәтте тігін машиналары қойылған үлкен дүкенге жол түсті. Осы жерде кәсіп ашуға жетелеген үлкен мақсаттарым пайда болды. Елге келген соң ерекше жобамен айналысым келді. Әдетте қазақ халқы қыз баласын ақудай аялап, мөпелеп өсіреді де тұрмысқа шығар сәтте жасауына ерекше мән береді. Сондай әдемі дүниелерді, яғни қазақ қызының жасауын ұлттық брендке айналдырып келді. Анамың қолына ине ұстап, түрлі ою-өрнекке жан бітіргенін бала күннен көріп өстік. Өзім ұстаз әрі ана атанғаннан кейін қосымша табыс тауып, кәсіп бастағанды жөн көрдім. Осылайша «Kerim Sulu» орталығы дүниеге келді.

– Аталған кәсіпті қолға алған сәтте қандай қиындық болды? Қазір тұрғындарға қандай топтамалар ұсынылуда? Көпшіліктің сұранысы қандай?

– Қыз жасауын ең алғаш қырық мың теңгеге сатып алған ескі тігін машинасымен бастадым. Сондықтан кәсіпті игеру, ойлаған мақсатымызға қол жеткізу оңай болды деп айта алмаймын. Біз дайындаған өнімдеріміздің брендке айналуын армандадық, қолымыздан келгендей жасап, барынша тырыстық. Бірақ үш жыл ішінде осындай үлкен нәтижеге жетеміз деп ойлаған жоқпыз. Бастысы мен бұл кәсіп түрін жақсы көріп жасадым. Алғашында кәсіпті



туыстарымыздың тапсырысын тігіп бастап едік, ал қазір тұрғындар тарапынан тапсырыс өте көп. Мұның бәрі халықтың, адал еңбектің нәтижесі деп ойлаймын. «Kerim Sulu» мен үшін ғана емес, Қызылорда қаласында бірінші орында тұратын орталық екеніне сенемін. Өйткені біз сапаны бірінші орынға ұқсастырып және ерекше дизайнға ұқсамауға тырысып, ерекше дизайнға жұмыс жасаймыз. Бізде «Хан», «Алмағұл», «Арайлым»



топтамаларына жиі тапсырыс бар. – Мемлекет тарапынан қандай қолдау көрсетілуде? – Қазір елімізде жеңіл

Бұл орталықта қазақлыққа тән дүниені түр-түрі бар. Заман ағымына сай дайындалған сапалы, арнайы тапсырыспен тігілген құрақ көрпелер, ұлттық өрнек бейнеленген жастықтар мен бесік, дастархандар, түсу-көсер жиынтықтары көздің жауын алады. Ағайынды кәсіпкерлер Жанар мен Шынар Прекевалар негізін қалаған «Kerim Sulu» орталығының қала тұрғындары тарапынан жағары сұранысқа ие болуы бәйге де осы. Жаңашылдыққа ұмтылған Жанар Мақсатқызымен тілдесу барысында ұлттық брендтің қалыптасу жолы жайында сұрап білдік.

енеркәсіпті дамытуға ерекше мән берілуде. Бұл – кәсіпкерлік саласының басым бағыттарының бірі. Себебі аталған саланың әлеуметтік маңызынан бөлек, халықты жұмыспен қамтуда атқаратын рөл басым. Цехқа жеті адамды жұмысқа қабылдадық. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры біздің жобаларымызды жүзеге асыруға және одан әрі кеңейтуге ардайым қолдау көрсетіп келеді. Осыдан бірер жыл бұрын «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында 5 миллион теңге несие алдық. Сондай-ақ орталықтың өнімінің көлемін арттыру және цех аумағын ұлғайту мақсатында өткен жылдың желтоқсан айында «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында алты пайыз жеңіл несиемен 14,0 миллион теңгеге қол жеткіздік. – Сұхбатыңызға рақмет!

Еңлік НҰРТАЙҚЫЗЫ

КӘСІПКЕ КЕРЕК КЕҢЕС

Әрбір кәсіпкер саладағы қиындық пен тәуекелді өрте тануды қалайтыны анық. Себебі алдын ала болжанған кедергіні жеңу оңай, сараланған білікті өңсереу жеңіл. Содан жас кәсіпкердің көбі тәжірибелі әріптестерінен ақыл-кеңес сұрап, жол-ұсқауын қолқалайтынын білеміз. Табысты азаматтар да өздерінің жеңіс жолы туралы кітап-өзірлеп, үздіктер қатарында болудың құпиясын ашып жатады. Осы арада ғаламтор мен жеке даму кітабында жиі айтылатын кеңесті кәсіпкерлер назарына ұсынғанды жөн көрдік.

Берік, әсемдігі небір нысаннан көркем. Мұның сыры сапада жатыр. Яғни, алдымен табыс пен пайданы ойламай, сапаға көңіл бөлсеңіз, қалғаны өз-ақ келеді деген сөз. Өз іңізіңді жаңылмай табыңыз. Ең маңызды да мәнді кеңес осы болмақ. Көптеген кәсіпкердің жеңіліс тауып, күйреуінің бір белгісі дұрыс кәсіпті тандамауында жатыр. Таңдаудан жаңылмау үшін кәсіп түрінің өміршеңдігі мен саған қаржының қайтарым жолын ескерген абзал. Мысалы, барлық ақшаны Жаңа жылдық тауарларға салу ең ұтымсыз тәсіл. Оның орнына күнделікті тұтынатын немесе

жыл бойы қолданыста болатын өнімді саудаулау анағұрлым жеңіл. Келесі кеңес – тұтынушы талғамын ескеру. Сатып алушысыз ешбір кәсіпті алға сүйрей алмасыңыз қалауың, оған көрсетілетін қызмет сапасын жақсартпай, пайда табамаң деу бекер. Оған қоса бір келген клиенттің қайта оралуы үшін сапалы жұмыс істеу сізді бәсекелестеріңізден ерекше бөліптінін ұмытпаңыз.


Аздан бастау артық етпейді. Мақсат-мұраттың биік болғаны жақсы-ақ. Алайда, «көргең қарап көсілу» жөн. Жоспар құрып, мақсатқа жету жолын белгілеу болу қажет. Аздан көпке, төменнен жоғарыға көтерілген пайдалы. Қаншама атакты компаниялар да жұмысын аздан бастаған. Мәселен, Amazon компаниясы шағын кітап дүкенінен басталғанын білсеңіз бе? Кәсіп иесі уақыт өте дүкенін ұлғайтып, жаңа тауарларды сатылымға шығара бастаған. Демек, аздан бастау адастырмайды. Қызметкер сапасы – шешуші фактор. Өнімді жұмыс үшін ұжымдық ұмтылыс пен қызметкер қабілеті басты рөл ойнайды. Бір қарағанда аса маңызды көрінісінмен дәл осы қызметкер сапасы кәсіптің алға жылжуына мүмкіндік беріп, ойға алған жеңіс орындауға септестінін ұмытпаңыз. Егер қызметкеріңіз тұтынушымен дөрекі сөйлесе, жұмысын адал атқармаса, табыс пен болашақтан құр қалды деп білеміз. Сондықтан кәсіптің оқу мен біліктілігін арттыру курсына жаңыңызға қызметкеріңізді серік етіңіз.

Берен ШАҒЫРОВ



Сол үшін азаматтарға қолайлы орта құру, жеңілдік науқанын ұйымдастыру таптырмас амал болады.

ОНЖЫЛДЫҚТАҒЫ ТОП-10 МУЛЬТФИЛЬМ



Басты кейіпкер Ранго – террариумда тұратын хамелеон. Ол өзін батыр санағанымен оны жұртқа дәлелдеудің жолын таба алмай жүреді. Бір күні ол тағдырдың жазуымен айдала қалады. Өзінің батырлығын сынайтын сәт туғанын сезінген Ранго «адилдік үшін күресушінің» дәл жариялады. Алайда алда қандай қиындықтар күтіп тұрғанын хабарсыз еді.

АҚШ-та жарыққа шыққан әдемі туындының бірі – «Батыл жүрек». Шытырман оқиғалы қиял-ғажайып туынды 2012 жылы ұсынылған. Бас кейіпкер Мерида ханшайым – атқан жебесі нысанға дәл тиетін мерген. Бір күні ол орманда жақырауық құыл жүріп әлдебір мыстан кемпірдің арбауына түсіп қалады. Анасы аюға айналып кетеді. Ханшайым жағдайды түзеу үшін барын салады.

Атақты «Оскар» сыйлығының «Үздік толықметражды анимациялық фильм» номинациясы 2002 жылдан бастап беріле бастағанын білеміз. Оған дейін мультфильмдер көркем фильмдермен қатар негізгі номинация бойынша бөлек-бөлек, кейде арнайы жүлдеге ие болатын. Мәселен, «Су перісі», «Супермен құбыжық», «Аладдин», «Арыстан патша» сынды бұрынғыларға шыққан мультфильмдер де «Оскар» жүлдесіне иіпкен. Назарларыңызға соңғы онжылдықтағы «оскарлық» үздік 10 анимациялық фильмнің тізімін ұсынамыз.

«Ранго» анимациялық фильмі 2011 жылы АҚШ-та жарық көрген. Шытырман оқиғалы қиял-ғажайып туындының ұзақтығы – 107 минут. Мультфильмнің режиссері – Гор Вербински. 245 млн АҚШ долларынан астам табыс түсірген туындыда Рангоны Джони Депп дыбыстады.

Pixar және Walt Disney Pictures компаниясының мультфильмі 2011 жылы 5 қазанда ұйы бесінің қатерлі ісігінен қайтыс болған Арри басысы Стив Джобске арналған. Бұл студияның Джобс қайтыс болғаннан кейінгі алғашқы мультфильмі. Туындының ұраны – «Тағдырыңды өзгерте».

«Музды өлке» – 2013 жылы «Оскарға» лайық деп танылған америкалық туынды. Шытырман оқиғалы қиял-ғажайып туындының ұзақтығы: 102 минут.

Ханшайым Анна өлкесі Эльзаны табу үшін Кристофер есімді жігіт, бұғы Свен және аққала Олафты ертіп, кәуіпті сапарға аттанады. Олар байқасызда өз патшалығына зиян келтіріп, мәңгі қыстың орнауына себеп болады. Walt Disney студиясының елу үшінші толық метражды анимациялық фильмінен 1,2 млрд АҚШ доллар қаражат түскен.

«Қайтпас қайсар» мультфильмі – 2014 жылы жарыққа шыққан туынды. Қиял-ғажайып, атыс-шабыс, комедия жанрын қамтитын мультфильмде Хиро Хамада есімді жас гальмың бастан кешкен хикаясы баяндалады. Достарымен бірге робот жасаумен айналысатын бозбала күндердің күнінде қаскөймен бетпе-бет келеді.

Walt Disney Animation Studios шығарған анимациялық көркем фильм Marvel комикстеріне негізделген, алайда түпнұсқадан айтарлықтай ерекшеленеді. Фильм 690 млн АҚШ долларынан астам қаражат жинаған.

2015 жылы жарыққа шыққан «Сезімдер таласы» комедия мен драма жанрында қатар түсірілген. Мультфильм 11 жастағы Райлидің бойындағы эмоциялардың таласы жайлы баяндап, сол арқылы жасөспірімдердің психологиялық жай-күйін сөз етеді. Райлидің өмірінде тек қуанышты сәттер қалдыруға тырысатын Қуаныш, жақындап кетсе қайғыға салатын Мұң, бәріне байыппен қарайтын Жиркенші, қит еткеннен төбе шашы тік тұратын Қорқыныш, ашуға тез бой алдыратын Ыза кейіпкерді бес жаққа тартып отырады.

Pixar студиясының өнімі режиссер Пит Доктердің идеясына негізделген. Туынды аса уақыт ішінде 850 млн АҚШ долларынан астам қаражат жинап үлгерген.

2016 жылы АҚШ-та жарияланған «Аңсар шаһар» детектив, шытырман оқиға жанрында түсірілген. Сюжетке тоқталсақ, жануарлар өмір сүретін Аңдар шаһарында сүтқоректілер мен жыртқыштар тату-тәтті күн кешіп жатады. Шаһар жануарлардың өмір сүру ортасына сәй түрлі аудандар бөлінген. Қалада жаңа полиция бөлімі пайда болды, ол – көккі қоян Жуди Холпс. Өзін жақсы қырынан көрсетуге тырысқан қоян күл түлкі Ник Уайлдпен бірге аса күрделі істі тергеуге кіріседі.

Туынды 2016 жылдың 18 наурызында әлемлік прокатта жарты миллиард АҚШ долларынан астам табыс жинаған үшінші «Диснейлік» өнім болды, ал сол жылдың 5 маусымында кинематография тарихындағы табысы миллиард АҚШ долларынан асатын төртінші мультфильм ретінде тарихта қалды.

2017 жылы ұсынылса да, әлі күнге дейін көрермен жоғалтпай келе жатқан көркем анимациялық туындының бірі – «Коконның құпиясы». Фантастика, шытырман оқиға жанрында түсірілген туындыда басты кейіпкер 12 жастағы Мигельдің арманы

– Мексикада аты аңызға айналған әнші Эрнесто де ла Крустың ізін жалғастыру. Ал оның отбасында музыкаға толық тыйым салынған. Алайда Мигель «Әппілдер күні» мейрамында әлдеқашан о дүниелік болып кеткен ата-әжесін жолықтырып, ауылының аспанын әнге бөлейді.

Pixar студиясының толықметражды компьютерлік анимациялық музыкалық фильмі «Оскар» жүлдесін «Үздік анимациялық фильм» және «Үздік әуен» номинациялары бойынша алған. Картина 800 млн АҚШ долларынан астам қаражат жинаған.

«Өрмекші адам: әлемдер арқылы» туындысы фантастика, шытырман оқиға, атыс-шабыс жанрында жарық көрген онжылдықтағы үздік туындылардың бірі. 2018 жылы жарық көрсе де, әлі күнге дейін кішкентайлардың назарын өзіне аударта алатын мультфильмнің ерекшелігі жанрлардың сан алуандығында болса керек.

Майлз Моралес – қарапайым мектеп оқушысы. Бір күні оны радиоактивті өрмекші шағып алады. Бір қарағанда осыған дейін жарық көрген классикалық өрмекші адам хикаясының желісіне ұқсайтын емес. Алайда ол баламандық жалғыз өрмекші адам емес екен.

Columbia Pictures және Sony Pictures Animation шығарған туынды Marvel Comics кейіпкері Майлз Моралеске негізделген. Туынды қаралым нәтижесінде 375 млн АҚШ долларынан астам қаражат пайда әкелген.

«Ойыншықтар хикаясы 4» – 2019 жылдың үздік шытырман оқиғалы комедиясы. Туындының желісі бойынша бас кейіпкер Энди мектепке барғаннан кейін сүйікті ойыншықтарын кішкентай Бонниге береді. Ал Бонни балабақшада өзіне ас үй құралдарынан Форки деген ойыншық жасап алады. Қызығып, жақсы көретіні сонша оны күндіз-түні жанынан тастамайды. Бір күні Форки жоғалып кетеді. Ал басқа ойыншықтар бірігіп, оны іздеуге шығады.

Туындыны Pixar Animation Studio шығарса, Walt Disney Pictures таратқан. Мультфильм 1 миллиард АҚШ долларынан астам табыс тауып, 2019 жылдың ең көп табыс әкелген 6-шы фильмі атанса, 43-ші бол барлық уақыттағы ең табысты фильмдердің қатарына енді.

«Жан» мультфильмінде көрермендерге 2020 жылы ұсынылды. Шытырман оқиғалы, қиял-ғажайып комедияның жалпы ұзақтығы: 100 минут. Туынды Джо Дарнер есімді музыка пәнінің мұғалімі туралы. Ол кішкентайынан сахнаға шығып джаз ормандары армандайтын. Әрекет еткен ойлағанына оңай жетеді. Кейіпкердің арманына қол жеткізер күні де тауды.

Алайда оқыс оқиғаның нәтижесінде оның жаны екі әлемнің ортасында қалады. Яғни мұнда әлі өмірге келмеген балалар мен жанаспау бөлімінде жақандардың жаны мекендейді. Дүке өмірге қайту үшін қолынан келгенін бәрін жасап көруге дайын. Мультфильм жарық көргеннен кейін пандемияға байланысты көп жерде көрсетілімі қалған еді. Соған қарамастан туынды 2021 жылы «Үздік әуен» және «Үздік анимациялық фильм» номинациялары бойынша 93-ші «Оскар» сыйлығын жеңіп алды.

Дина БӨКЕБАЙ



Актёр Джордж Клуни мен актриса Джулия Робертс ұзақ жылдар бойы достығымен, «ғашықтар» кейіпіндегі образдарымен талай рет қызыл кілемнің көркіне айналды. 2000-шы жылдардың басында «Оушеннің он бір досы» фильмінің түсіру кезінде танысқан екеуін жанкүйерлер мен журналистер романтикалық қарым-қатынаста деп болжам жасаса, актриса мен актёр бір-бірімен әзілдесу арқылы бұл ойда ойынмен жалғастырып жүр. Джордж бен Джулияның «Екеуімізді бірге өлестетіш», «Дәл қазір соның уақыты», «Матта Миа» сынды бірлескен жобалардан кейінгі төртінші жұмысы – он күн бұрын жарыққа шыққан «Жұмақ билет» кинотуындысы.

Ұлыбританиялық режиссер Ол Паркердің «Жұмақ билетінің» жанры – романтикалық комедия. Басты рөлге Джордж Клуни, Джулия Робертс, Билли Лурд, Кейтлин Дивер, Максим Бутье сынды қарсымен қалыптастырып үлгерген артистік құрам тандаған болса, кино арқылы Бали аралының көз тоймайтын көрікті

табиғатына тамсануға мүмкіндік бар. Сонымен сюжетке тоқталайық, Дэвид (Джордж Клуни) мен Джорджия (Джулия Робертс) осыдан 25 жылдай уақыт бұрын шаңырақ құрып, бірге бақытты өмір сүрген әдемі жұптың бірі. Екеуінің махаббатының нәтижесінде қызы Лили (Кейтлин Дивер) дүниеге келеді. Бірақ бес жылдық некеден кейін тұрмыстың құрсауына қамалған тәтті махаббат кезеңі бітіп, ерлі-зайыптының арасында бір-біріне деген өшпенділік, түсініспеушілік пен кек қана қалады. Ешкім ажырасамын деп отбасын құрмайды. Осылайша күтпеген кезде ортақ шешімге келу арқылы Дэвид пен Джорджияның жолы екіге бөлінеді.

Ажырасқаннан кейін арада 19 жыл уақыт өткенде олар жалғыз қызының заңгер ретінде жолары оқу орнынан дипломын алу кешінде қайта жолығады. Сондай-ақ ескі ерлі-зайыпты қызы мен оның құрбысы Ринди (Билли Лурд) Бали аралына сақаттауға шығарып салу тиіс. Махаббат – ешқандай анықтаммен сипаттауға келмейтін құбылыс. Оның қашан, қайда, қалай басталары белгісіз. Балаға қыдырып кеткен Лили

сондағы жергілікті жігітке ғашық бол қалады. Тіпті, оған тұрмысқа шығуға да дайын еді.

Мән-жайды ұғынған Дэвид пен Джорджия қызының

өзге ұлттың жігітімен шаңырақ құруына жол бермеу үшін Балиге шығуы түрде бірге ұшып барады. Жолда бірге жоспар құра бастайды. Ерлі-зайыпты қызының тұрмысқа

шығуына неге қарсы деп ойлайсыз? Себебі олар Лили әке-шешесінің жұбайлық өмірін, махаббат тарихын қайталауы мүмкін екендігі пайда болды, ол – көңіл қоян.

Жұбайлық өмірі мүмкін деп қорыққан еді. Уилленудің «Жұмақ билет» алғашқы секундарынан-ақ немен бітетіні белгілі болғанмен, жарқын әсерімен баурайтын туынды Актёр бұл туындының «Диснейлік» ашық, сенсация түдіруді көздемегені айқын. Ол күнделікті өмірде, айналамызда туындайтын көз көрген, құлақ естіген отбасылық құндылықтарға қайта назар аудартады. Фильмнің басты артықшылығы – Клуни мен Робертстің актерлік дуэті. Жас шамасы қарайлас қос өріс егде тарта бастаса да, оларға еріксіз сүйсіне қараймыз. Өрі фильмнің композициялық бөліктерінде олардың өзіне ғана өртістік қуаты сезіледі.

Бірақ кинодағы басқа көрермендерден жанапқас күтудің қажеті жоқ. Ақылды қыз, көңілді құрбы, шетелдік идеал жігіт, аңғал кавалер – барлығы таным кейіпкер. Басқа кейіпкерлердің барлығы да Дэвид пен Джорджияның ерлі-зайыпты ретіндегі образын дамытып, өзге қырынан аша түсу үшін қажет болған сияқты. Балидің эстетикасы да осыған бағытталған. Улы жыланның шығуы немесе мұхитта дельфиндермен жүзу секілді таным қадрлар жеткілікті. Бұл – ондаған өзге фильмдерде кездесетін таным қадрлар. Мұндай

«Жұмақ билет» алғашқы секундарынан-ақ немен бітетіні белгілі болғанмен, жарқын әсерімен баурайтын туынды Актёр бұл туындының «Диснейлік» ашық, сенсация түдіруді көздемегені айқын. Ол күнделікті өмірде, айналамызда туындайтын көз көрген, құлақ естіген отбасылық құндылықтарға қайта назар аудартады. Фильмнің басты артықшылығы – Клуни мен Робертстің актерлік дуэті. Жас шамасы қарайлас қос өріс егде тарта бастаса да, оларға еріксіз сүйсіне қараймыз. Өрі фильмнің композициялық бөліктерінде олардың өзіне ғана өртістік қуаты сезіледі.

Бірақ кинодағы басқа көрермендерден жанапқас күтудің қажеті жоқ. Ақылды қыз, көңілді құрбы, шетелдік идеал жігіт, аңғал кавалер – барлығы таным кейіпкер. Басқа кейіпкерлердің барлығы да Дэвид пен Джорджияның ерлі-зайыпты ретіндегі образын дамытып, өзге қырынан аша түсу үшін қажет болған сияқты. Балидің эстетикасы да осыған бағытталған. Улы жыланның шығуы немесе мұхитта дельфиндермен жүзу секілді таным қадрлар жеткілікті. Бұл – ондаған өзге фильмдерде кездесетін таным қадрлар. Мұндай

стеттері Клуни мен Робертстің сүйімділігі, актерлік шеберлігі одан сайын тартымды етеді.

«Жаңа романтикалық комедияны ашыптың тілінде көрудің сәтті түсті. Фильм мен ойланған да позитивті екенін жасырмаймын, жалғыз өзім көрсе де, отбасылық атмосфера сыйлап білді.

Голливудтық Джордж Клуни мен Джулия Робертс актерлік шеберлігімен тәнті еттік қоймайды. өрине. Бір жарым сағаттан аса созылған фильмнің қалай аяқталғанын білмей қалдым. Бұл – киноның өзіне сендіре алуында, басқа әлемге апару алуында шығар. «Хэлпи элден» аяқталатын фильм басынан аяғына дейін жағымды әсер береді. Көрермен ретінде 10 балдан 10-ға бағалаймын», – деді көрермендер.

Автор фильм арқылы не айтқысы келеді? Кинода терің пәлсапаға толы мағына жоқ. Тақырып пен идеяның қайсыраң түсуі – жұмақ пен отбасылық құндылықтардың ортақ болуында. Қызыңқы қателескенін қаламайтын ата-ана жоқ. «Отбасы барда, біздің жоғалтудан қорқуың қайсыраң түсуі» деген даналық осы киноның жасырын ұраны іспетті.

А.МӘДЕЛХАН





Елімізде ең көп реформаланып, жиі сыналатын сала – білім беру. Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетовтің айтуынша, реформа белгілі бір проблеманы шешу үшін ғана жасалу қажет. Бұл барлығының астан-кестенін шығару деген сөз емес.

«Реформа министрінің қалауы бойынша емес, ғылыми зерттеулер мен талқылаудан кейін болуы керек. Мен осы жылы ғылыми зерттеулер мен басқа да жұмыстарсыз реформа жасауға болмайтын заң енгіздім. Аяқ астынан бәрін құртып, жаңасын қоямыз дегенге болмайды. Кітаптың ішінде қате кетті екен деп бәрін түгелдей ауыстыра алмаймыз. Сөбебі барлық кітапты толық қайта ендіруге 400 млрд теңге кетеді. Тек кітап ауыстыруға. Мен істейтін реформа кадрларға қатысты» деген болатын өз мәлімдемесінде министр. Ұстаздар күніне орай осы өзгерістер мен көпші көкейінде жүрген мәселелерді, жаңашылдықтарды тарқатсақ.



ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАУДЫҢ ЖАҢА ФОРМАТЫ

Мұғалімдер бұдан былай жұмысқа конкурс арқылы қабылданатыны хабарланды. Осыған орай арнайы бұйрық шықты. Нормативтік құжатқа негізделген конкурстың талаптары тиісті министрлік таныстырды. Десе де қоғамда «Мектепке кірудің «ставкасы» бар ғой. Бұрынғыдай бір

директорды емес, енді комиссия мүшелерін де разы қылуың керек шығар» деген пікір қаптаған болатын. Министр де мұны жоққа шығармайды. Жақында Асхат Аймағамбетов мұғалімді жұмысқа қабылдайтын кезде мектеп директорлары пара алатынын ашық айтты және бұл кеселмен күрес жайын шет қалдырмады. Айтуынша, бүгінде жеті мыңнан астам мектеп пен 500 мыңға жуық педагог бар. Әрине, барлығында бұл мәселе бар демеуіміз, десе де ол кең таралған.

– Педагог құжат тапсырады, вакансияға сай критерийлер мен талаптар болады, әрбір критерий үшін ұнай қойылады. Әрбір үміткер ұлайды өзі есептеп, құжаттарын тіркейді және электрондық жүйе арқылы жібереді. Комиссия оның баплын ала алмайды. Егер үміткердің критерийлері расталса, ең көп ұнай жинаған адам жұмыс орнын алады. Бұл әдіп таңдау жасауға мүмкіндік береді, – деді министр.

Мұғалімдерді аттестациялау да электронды форматқа көшпек. Егер педагог бұрын тек портфолио тапсыратын болса, қазір олар пәнді және әдіснаманы, оқыту әдістемесі бойынша тест тапсырады. Ұстаздар тест тапсырады, екінші турға өтеді, портфолиосын көрсетеді, тек содан кейін шешім қабылданады.

САҒАТ КӨБЕЙДІ, ЖАЛАҚЫ АТАРДАЙ

Билік мұғалімдердің орташа жалақысы Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша 312 мың теңгені құраған. Өткен жылмен салыстырғанда ол 25 процентке өскен. Бұл ретте ең көп табыс табатын – пән мұғалімдері.

– Біліктілік санаты үшін педагог-модераторға лауазымдық жалақысының 30%, педагог-сарапшыға – лауазымдық жалақысының 35%, педагог-зерттеушіге – 40% лауазымдық айлығы және оқытушы-магистрге 40% мөлшерінде ақы төленеді.

Келесі жылы мұғалімдердің жалақысын 25 пайызға көтеру жоспарланады. Ол 2025 жылға дейін жыл сайын тоқсанға ұлғаяды, – делінген Қаржы және бюджеттік жоспарлау департаментінің мәліметінде.

Жақында тағы бір сүйіншілейтін жаңалық тарайды. Енді математика, физика, химия, биология пәндерінің сағаты көбейтіледі. Сондай-ақ оқу бағдарламалары да жаңартылады. Мұғалімдерге қосымша курстар ұйымдастырылмқ, «STEM» білім беру тәсілдеріне негізделген жаратылыстану-

математика пәндерін оқытуды күшейту жоспарланып отыр. Сонымен қатар 10-11 сыныптардағы ағылшын тілі сағатын көбейтуге баса мән берілмек.

«2024 жылдан бастап 3-сыныпта екі-ақ сабақ болатын болса, 3-сыныпта 3 сабаққа дейін көбейтеміз. Бұл халықаралық талаптарға сай болады. 10-11 сыныптарда қазіргі уақытта 3 рет сабақ болатын болса, енді 5 күндік форматта ағылшын тілі күнде болатын болады», – деді Оқу-ағарту министрі.

Бұған қоса Ашық НҚА» сайтында министрдің «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасын бекіту туралы» 2018 жылғы бұйрығының күшін жоюды көздейтін құжаттың жобасы талқылауға шығарылды. Қоғамдық талқылаудың мерзімі 5 қазанға дейін белгіленген. Халық қолдаса, сабақты алып тастайды. Талқылаудан кейін бұйрыққа қол қойылады. Осы құжат алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік оң күн өткен соң қолданыса енгізіледі.

Еске салсақ, «Өзін-өзі тану» мектептердегі міндетті пән тізімінен шығарылған еді. Веломствоға пәнді мектеп бағдарламасынан шығару туралы ұсыныстар келіп түскенін министрлік хабарлаған болатын. Пән алғаш рет 2011 жылдан бастап сынақ жоба ретінде Қазақстанның мектептеріне енгізіле бастады. 2010 жылдың басында «Өзін-өзі тану» пәні 10500 білім беру мекемесінің 184-інде оқытылды. Ал 2010-2011 оқу жылынан бастап «Өзін-өзі тану» міндетті пән ретінде енгізілді.

МӘСЕЛЕ БОЛСА, ҚОҢЫРАУ ШАЛЫҢЫЗ!

Ашықтықты қамтамасыз ету, білім беру саласында жемқорлыққа қарсы саясат жүргізу тек министрлік емес, барлық білім беру мекемелеріне жүктелген ортақ міндет. Сондықтан Оқу-ағарту министрлігі 1450 нөмірі бойынша білім беру мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының жұмысын жолға қойды. Қазір байланыс орталығына 1 200-ден аса адам қоңырлау шалып үлгерген.

Ведомство өкілдерінің мәліметінше, байланыс орталығы жұмыс күндері сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін жұмыс істейді. Демалыс күндері – сенбі және жексенбі. Өңірлік білім басқармалары бірыңғай байланыс орталығына екінші желі арқылы қосылған. Жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне жататын мәселелер оны шешу үшін бірден білім басқармаларына жіберіледі.

Азаматтарды көбінесе балабақшадан орын алу үшін кезекке қалай тұру керектігі қызықтырады екен. Бұл мәселе бойынша түсіндірме жұмыстарын жергілікті атқарушы органдардың өкілдері жүргізеді. Сондай-ақ ең өзекті тақырыптар – білім туралы құжаттарды қалпына келтіру, мектептегі тамақтандыру, балаларды бір мектептен екіншісіне ауыстыруға қатысты мәселелер.

М.СНАДИН

Қазір компьютер мен интернет көз келгенімізге қолжетімді. Сөбебі біз қарқынды дамып келе жатқан әлемде өмір сүріп жатырмыз. Amazon, Apple, Facebook, Google, Huawei, IBM, Microsoft сандық өнімдерінің өмірді елестету қиын. Бұл тізім күн сайын өзгеріп отыр. Білім саласында да ақпараттық технологияларға көңіл бөлініп келеді. Технологиялар информатика, педагогика, коммуникация, сондай-ақ әлеуметтік ғылымдар ресурсын біріктіріп, оқыту процесін тиімді ұйымдастыруға, оны басқаруға мүмкіндік сыйлауда.

Ғалымдардың болжамынша, болашақта оқушылар тез келген пән бойынша білімін барынша жылдам арттырады және мәтіндік форматтан бейнесуға бейім болады. Бүгінгі өзінде ақпарат іздеу және жаңа қызметті игеру үшін интернет-ресурстарды пайдаланатын оқушылар санының қарқынды өсіп келе жатқаны байқаймыз. Осы фактордың салдарынан балалар жасанды интеллектке тікелей сұрақ қойып, мультимедиялық форматта жауап алуына жол ашылады. Бұл орайда мұғалімдер балалардың қызметін жоспарлауға көмектесетін тәлімгер рөлін атқармақ. Біз бұдан алыстап алмаймыз.

Деректерге қарасақ, 2-3 жыл бұрын Джорджия технологиялық институтының профессоры Ашока Гоэля өзінің көмекшісі ретінде жасанды интеллектті жалдаған. Ол оған әлем бойынша 400-ден астам студентті тиімді басқаруға мүмкіндік берді. «Көмекші» күрделі студенттік сауалдарды тарқатып, педагогтың жұмысын жеңілдеткен. Өртүрлі гуманоидтық роботтар Оңтүстік Корея мен Жапонияда да тіп үйрену үшін қосымша ресурстар ретінде пайдаланылады. Зерттеулер көрсеткендей, роботтарға сенімсіздік, шаршау секілді дүниелер жат әрі олар шаршамайды. Бұдан бөлек, 2 жыл бұрын Орталық Флорида университетінің Коммуникация және БАҚ мектебінің зерттеушілері алдына жаңа міндет қойған. Олар оқушылардың жасанды ассистентті қалай қабылдайтынын зерттеуге кіріскен.

– Адам мен компьютердің өзара іс-қимылы туралы халықаралық жұрналда» жарияланған кейбір нәтижелер жасанды интеллекттің

педагог рөліндегі басты қасиеттері – қарым-қатынасты тиімділігі мен қарапайымдылығы болуы тиіс екенін көрсеткен. Өзірге виртуалды сыныққа өткен мектептердің нәтижесі көңілге қонымсыз. Студенттердің жасанды интеллект-

мұғалімдерге қалай қарайтынын түсінген соң әзірлеушілер оларды білім беру процесіне енгізетіндей етіп жобалай алады деген ұғым бар, – деп есептейді жобаның жетекші авторы, мектеп доценті Джихён Ким.

Жасанды интеллект жұмыстың көп бөлігін өзіне алады. Бұл білім беру процесінде компьютер мен ақпараттық технологияларды пайдалану дестурлі білім беру жүйесімен интеграциялануы мүмкін дегенге сақты. Бірақ қай кезеңде де мұғалім әр оқушыға эмоциялық қолдау мен қарым-қатынасты қамтамасыз етеді. Заманауи технологиялар қаншалықты тез дамыса да, балаларды сапалы оқыту үшін, ең алдымен, мектептің жалпы ортасы маңызды, өйткені бұл білім жетілдіруге ықпал етеді. Сонымен бірге технологиялар материалды неғұрлым нақты және жеңіл түсіндіруге көмектеседі. Дестурлі және заманауи оқытудың дұрыс үйлесуі ең жақсы нәтижеге жетізеді деп санаймын.

Г.ЖАҚСЫЛЫКОВА,
Педагогикалық шеберлік орталығының тренери



ДАЯРЛЫҚ ТОБЫНДА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

Бірақ бір «бірақ» бар. Ата-аналардың көпшілігі балаларды мектепке дайындау кезінде баланы оқуға және санауға үйрету керек екеніне сенімді. Ал мектепалды даярлық сыныбында біз бұл маңызды нәрсе емес деп санаймыз.

Оқу және математика – бұл баланың мектепке дайындық кезінде жасайтын үлкен жұмысының аз ғана бөлігі. Оқу – ұзақ процесс. Біз баланы оқудан ләззат алуға үйретіміз керек. Үйрету, үйрену, ойнап жүріп еңбек ету, табысқа жету. Кәсіби мұғалім сіздің балаңыздың тәуелсіз екеніне көз жеткізуі керек, тапсырмаға назар аудару алады, салыстыруды, жалпылауды және талдауды біледі, әлем туралы жеткілікті біледі, мұғалімді тыңдауға және құрдастарымен дос болуға дайындығын да бағалайды. Кәсіби педагог мектепке оқуға дайындығына баға береді. Мектепке дайындық бір жылдан астам уақытты баға береді. Мектепалды даярлық тобында сіздің балаңызға «мектеп жасына дейінгі бала» мәртебесіне бейімделуге, көру және есту қабілетін, кеңістіктік бағдарлауды, моториканы және саясаттар мен қолдың нәзік қимылын дамытуға көмектеседі. Егер мектепке дайындықтың бір немесе бірнеше аспектілері болса, шешімдер күтпеген болуы мүмкін. Бі немесе спорттық секциялар, арасында логопедке де жүгінуге мүмкіндік бар.

Мектепке дайындық топтарында оқыту сынып-сабақ қағидаты бойынша құрылған, яғни барлық пәндерді бір мұғалім жүргізеді. Бұл модель балаға «мектепке көмектеседі және болашақта оған мектеп өміріне бейімделуі оңайырақ болады. Балалар ұжымда жұмыс істеуді, мұғалімдерді тыңдауды және

естуді үйренеді, олар «сабақ» пен «үзіліс» дегеннің не екенін біледі. Оқу бағдарламасының кейбірін атап өтейік: математика негіздері, сөйлеуді дамыту, жаратылыстану, сауат ашу негіздері, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу және шығармашылық сала пәндері (сурет сабақ, мүсіндеу, құрастыру, жапсыру, музыка), дене шынықтыру. Жалпы алғанда, мектепке даярлық тобында білім беру процесі балаға оңай беріледі, рахат әкеледі және қосымша талапталдыруды қажет етпейді. 5 жастағы бала тек білім алып қана қоймайды, үйренуге дағдыланады.

Аббас САПАБЕКОВА



Мектепке дайындық – әдетте бүкіл отбасы үшін қиын кезең. Көмектесемін деген оймен келетін ата-аналар баласына алдын-ала бірінші сынып бағдарламасын оқытуға тырысады. Осы арқылы, бір жағынан, кейінірек қиындық аз болады, екінші жағынан, балаға оңайрақ болады деп ойлайды. Үшіншінен, өлбетте үздік оқытын баласын мақтан тұтқысы келеді, ол «барлық пәндерден алғыр» деген жақпа қой.

Гүлсара Темірбекпен ойламаған жерден танысты. Сол күнгі кездесу қыздың өмірін мүлдем өзгертіп жіберді. Үйдің қоңырауы шылдырағанда есік ашты. Арғы жақтан сыпайы сәлемдесіп, жүзі жылы екі адам кіріп келе жатты. Туысқан ағасы әлгінде ғана: «Қазір үйге бір жігіт пен қарындасы келеді. Өте жақсы тәрбие көрген отбасының балалары. Бізге де бөтен болмайды» деп ескерткен.

Жұрт мақтаған жігітті қыз жақтаған. Туыстары мақтауын асырған жігіт көрікті, ақылды. Үйдегілермен

еткізіп бетінен сүйді. Мұны күтпеген қыздың екі құлағы дуылдап кетті. Тілі байланып қалды. Жігітке деген ынтықтығы ұлғая берді. Жанындағы құрбысын таныстыруды ұмытты. Соңы сезген Темірбек Ақуніске оң қолын созып, аты-жөнін айтты. Бұл сәтте Гүлсараның жүрегінде жағдай гүл-гүл жайнап, бояулары мың құбылып жатқан еді.

Көрермендер залы лық топы. Темірбек көп кісімен амандасты. Мәдени ортада сыйлы екені көрініп тұр. Құрбы қыздар артық орындыққа отырды. Қойылым өте сәтті шығыпты.

сезімді қалай жеткіземін? – деді Гүлсара шарасыздықтан жол таба алмай.

– Ол жағына басынды ауыртып қайтесің, жаным-ау! Барлығын өзім реттеймін! Темірбекті бір күні үйге қонаққа шақырамыз.

Сендердің оңашада сөйлесулеріңе барлық жағдайды жасаймыз. Сөйтіп жүрегіңнің «мәселесін» шешеміз! – Раушан өзінің жоспарының іске асатынына сеніммен қарап, сықылықтап күлді.

– ...

Гүлсара болса «Темірбек, мен саған шын ғашықпын! Сенсіз өмір

қолынан ұстап алып: – Гүлсара, тонып қалған шығарсыз? – деп сурады.

– Жоқ! – деді дірілдегенін жасыра алмай.

– Онда неге дір-дір етіп тұрсың? – деп сізден сенге көшті. Жігіттің қолының жылуы өне-бойына тарап, демі тарылды. Бір оңаша жерге келгенде жігіт қызды құшақтап алып, ернінен сүйді. Мұндай «батылдық» күтпеген қыздың буын-буыны босап, жігіттің құшағына кіріп бара жатты. Өзіне керекі осы еді ғой. Бірдеме деп тіл қатпақ болып еді,

салыстыруға келмейді. Өзі батыл, өзі ұрда-жық. Қызды үйіне дейін шығарып салып, мекен-жайын жазып алды.

Наурыз мейрамы жақындап қалған кез. Темірбек Гүлсараны өзі іздеп келіп, мерекелік кешке



Кенет Гүлсара әрлі-берлі ағылған жұрттың арасынан Темірбекті көрді. Аяғын еліпен басып, досымен сөйлесіп келеді. Көңілісіз. Дауыстап жібере жаздады. Әуелі өз тобынан бөлініп, кешірім сұрағысы келген. Ол ойының іске аспайтынын білді. Мұратбектің қарулы қолынан сытылып шығу оңай емес. Оның үстіне жігіттер қызғаныштан төбелесіп қалса, іс нассырға шабса, іс нассырға шабса. Амалсыздан үнісі артына қарайлап өте берді. Өзіннің бақытынан осылай алыстап бара жатқанын жүрегі құрғыр сезіп тұрған еді. Ол махаббатын мәңгілікке жоғалтты. Бұл Темірбекті соңғы рет көрі еді. Ардада бір-екі күн өтті. Бір жамандықтың болғанын сезген Гүлсара Темірбекті жатақханасына іздеп барды. Бақтадағы орыс әжей «Мен Темірбектің туысы едім. Бөлмесіне кіріп шығайыңыз» дегеніне аң-таң болып қарап: «Ол мұнда тұрмайды. Екі күні бұрын бөлмесін талпырып, кетіп қалған» деп жауап берді. Төбесінен жай түскендей болды. Үмітін үзбей, кіріп-шыққандардан сурады. Жан баласы Темірбектің қайда кеткенін білмейтін болып шықты. Қайтар жолда қарсы шыққан ер-азаматтардың бәрі оны: «Гүлсара!» деп айқайлайтындай елестеді. Темірбек бұл кезде басқа қаладағы жаңа өмірін бастап кеткен еді.

ГҮЛСАРАНЫҢ МАХАББАТЫ

амандасып, қарындасын ертіп, ас үйдің төңіріне озды. Отты көздерінде бір сүйкімділік бар. Үй иесі таныстырып, жастар еркін отырысы деп ас бөлмеден шығып кетті.

– Гүлсара, сізбен танысқаным өте қуаныштымын!

– Мен де қуаныштымын! - Қыздың дауысы біртүрлі шықты.

– Сіз де студентсіз бе? – деп жігіт әңгімеге тартты.

– Иә. Филология факультетінде оқимын.

– Болашақ әдебиетші екенсің ғой. – Иә, солай.

Дастархан басында отырғанда Темірбек екеуінің көздері шарпысып қалды. Қыз қатты қысылып, жігіт жеңіл жымиды. Сол бір сәт Гүлсараның жүрегінде алып жанартау оянған еді. «О, Жасаған! Маған не болды? Өне-бойым өртегіні бара жатқаны несі?! Өмір бойы зарыға күткен адамды кездестіргендей жүрегіңнің аласұрғанын түсіне алар емеспін». Өз ойымен өзі арпалысты. Жаңа ғана танысқан жігітке қайта-қайта қарай берді.

Адам жанының қатпарларына үнілесің. Автордың жан құпиясын табуға деген құлшынысын көресің. Расында кей адамдар атын шығаруға бар ерік-жігерін жұмсайды. Атақұмарлық пен ақымақтық айрылмас достар деген түйін жасалады. Шығарма керемет әсер сыйлады. Көрермендер тік тұрып, әртістерге ұзақ қол соқты. Темірбек театрдың бас суретшісіне гүл шоқтарын табыс етті.

Сол күнгі қаңтардың кеші әдеттегіден әсем еді. Аспаннан жапалақтап қар жауып тұр. Айнала аппақ. Темірбек пен Гүлсара көшелерді бойлап ұзақ жүрді. Әңгімелері бірден жарасым тапты. Театрдан алған әсерлерімен бөлісті. Бір-бірінің сөзін мұқият тыңдады. Жігіттің әзілдері қыздың жанын жадыратты. Сол сәтте әлемде одан бақытты жан жоқ еді. Жүрегіңдегі сезімді жеткізгісі келген. Бата алмады. Сол сүйіспеншілік жігіттің иығына, үстіне аппақ қар түйіршіктері болып жауып жатқандай көрінді.

сүргім келмейді! Менің жүрегім сен деп соғайды» деген сөздерді ішінен қайталай берді.

Күндер зулап өте берді.

Қыздың көңілі алабұртып, таңды таңға ұрып ғашығын ойлады. Кездесетін күні кіршіксіз сезімін жайып салатын сәтті армандады. «Сабақты ине сәтіммен» деген. Құрбысы екеуі Темірбекті қонаққа шақыруға дайындалып жүргенде ауылдағы туыстары хабарласты. Сіңлісінің қалаға оқуға келетінін естіді. Оқуға түсетін баланы дайындауды аға-апалары өзіне тапсырды. Үміт оты жылт етті. Кемекке Темірбек те бас тартпайды. Тәңірім сәтін салса екен. Жүрегі құрғыр дүрсілдеп оқ берді.

Кеп ұзамай уәделі күні Темірбек келді. Қолында бір қорап шоколада бар. Өп-өдемі киініп алыпты. Көрсетілген құрметке ризалығын білдірді. Гүлсараның сінгісіне де кішігірім сыйлық әкеліпті. Үйде үшеуі ғана.

– Ал, әуелі дастарханға отырайық! – деп Гүлсара дайындаған дастарханына шақырды.

– Онда не қарап тұрмыз? Жайғасайық. Кішігірім отырыс көңілді басталды. Көбіне Темірбек сөйледі. Мағжан Жұмабайдың өлеңдерін образға еніп, ерекше шабытпен оқыды. Өзі де өлең жазды екен. Гүлсара беріліп тыңдады. Жігіттің ауық-ауық қарағанын елемеген қалып танытты. Сабаққа дайындық түннің бір уағына дейін созылды. Сіңлісі ұйқы қысып, есінеі берген соң төр бөлмеге жатты. Темірбек отбасылық альбомды көріп, біраз отырды. Таң ататын уақыт та жақын. Темірбек киімдерін киіп, жақын жерде тұратын досының үйіне баруға жиналды.

Қимағанын көздерімен сездірген қыз жігітпен ілесіп шықты. Түнгі аспан мөп-мөлдір. Баяу ғана қар ұшындап тұр. Екеуі тілдеспей біраз жер жүрді. Бір кезде Темірбек қыздың

үні шықпады.

«Сезімді жеткіземін дегенің қайда? Енді не қарап тұрсың? Әй, бірақ сен байқа! Бұл өнерпаз, ақын жігіт. Сені біраз ермек қылып, кейін тастап кетеді. Тағы бір қызды тауып алады. Оған да өлең оқиды» деген жаман бір ой санасында сумаң етті. Сол сәтте Темірбекті кеудесінен итеріп жіберді. Алды-артына қарамай, үйіне қарай жігірді. Неге бұлай істегені өзі де түсінген жоқ.

Бұл оқиғадан кейін Темірбек жи-жи телефон шалып жүрді. Кездесуге шақырса сылтауратып: «Уақытым жоқ!» деп қашақтайтын болды. Соңынан ғашық болған жігітін ойлап: «Шақырғанда неге бармадым екен?! Қол ұстасып театрға барып, ана жолғыдай тағы сырласатын едік» деп қалып мұңға батады. Ол өзіннің аяулы сезіміне қарсы әрекет жасады. Сол қылығымен Темірбекті өзіне ынтықтыра түсемін деп ойлады.

Бір күні аялдамада Мұратбекті жолықтырды. Түнде қар аралас жауын жауған. Көшелердің бәрі жыл-жылтыр мұз. Автобус күтіп тұрған Гүлсара кенет аяғы тайып, мұрттай ұшты. Өзі бір жақта, сөмкесі бір жақты қалды. Көзін ашса, бір еңгезердей жігіт қолынан ұстап, үсті-басын қағып, сөмкесін ұсынып тұр.

– Қарындас байқамайсыз ба, мертгігіп қала жаздадыңыз ғой! Бір жеріңіз ауырып тұрған жоқ па? – деді бейтаныс жігіт бәйек болып.

– Жо-жоқ, ешбір жерім ауырып тұрған жоқ, – деді аяғының ауырсынғанын білдірмей. – Рақмет, Сізге!

– Қаласаныз үйіңізге дейін шығарып салайын, – деді жігіт қыздан көзін алмай.

– Өуре болмай-ақ қойыңыз. Өзім кете беремін.

Онысына көнбеді. Қолтығынан демеп, сөмкесін ұстады. Жолдай екеуі жөн сұрасып, танысып үлгерді. Алғашқы әңгімесінен аңғарғаны, мандығы ерт сәндіруші екен. Өнер, әдебиеттен алыс адам. Темірбекпен

шақырды. Алдында ғана Мұратбек те достарымен таныстыруға ертіп баратынын айтып, уәдесін алған. Енді не істемекші? Темірбекке «Жақсы, барайын. Сәл кешігіңкіреп келемін» деп өтірік айтты.

Ал Мұратбек үйіне ертерек келіп, қызды өзімен бірге ертіп кетті. «Әй, қойшы сол Темірбекті. Мен ерікті адам емеспін бе? Мұратбектің достарын көріп, танысып қайтайын. Жай қыдырып, көңіл көтергенде тұрған не бар дейсің? Ақынжанды Темірбекім қызғандуды білмейді. Мені басқа жігіттердің де би көштеріне шақырып, ғашық болып жүргенін көрсін». Гүлсара осылайша Темірбекті қинап, өзіннің үстемдігін сездіргісі келген.

Төлен ТІЛЕУБАЙ



Темірбектің бауырмалдығы бірден байқалды. Дастарханда қарындасын да әңгімеге тартып, іттипат білдірді. Студенттік шақтың қиыншылығы көп. Әсіресе ауылдың балалары бауырмал келеді. Гүлсара бір-біріне ерекше мейірімділік, бауырмалдық танытқан ағасы мен қарындасына ризашылық көңілмен сүйсіне қарады.

Керуен-күндер зымырап өтіп жатты. Гүлсара құрбысымен қазақ драма театрындағы жаңа қойылымға барған. Г. Гориннің «Атын шықпаса» пьесасының тұсаукесері. Қойылым басталар алдында дәлізбен келе жатып Темірбекті көрді. Үстіне әдемі көстем-шалбар, ақ көйлек киіп алыпты. Көңіл-күйі де көрермет. Гүлсараны көргеніне қуанып, шөп

Гүлсараның мінез-құлпы тез өзгерді. Сабаққа деген ынтыасы азайды. Тұйық. Үйде де, түзде де жан баласымен тілдеспейтін әдет тапты. Темірбекке деген ынтықтығын қалай жеткізерін білмеді. Өне-бойын ғашықтық дерті жаулады. Көптен хабар-ошарсыз кеткен құрбысын іздеп келген Раушан аңтарылып қалды. Бозарған түрінен бір нәрсенің болғанын сезді. Гүлсараның қос жанарынан жалындаған сезім отын көрді. Көп ойланған жоқ. Мұндайда қарекет қылудан басқа не амал бар?! Құрбысының көңілін көтерудің жолын тапты. Оның әпкесі Темірбекпен жиі көрсетін әріптестер екен.

– Гүлсара, сен мұндайша! Өпкем арқылы жүрегіңнің лүпілін толық жеткіземін! Тек, сабырмен күтейіші! – деді жұбатып.

– Мен ол жігітке

Төлен ТІЛЕУБАЙ

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНЫ ӨТЕДІ



Түркияда өтетін IV Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында Қазақстан құрамасы спорттың 5 түрін сайысқа түседі. Ұлттық және ат спорты түрлері орталығының директоры Бақырмет Сәбитов қазақстандық топ қай сайыстан жұлде алуы мүмкін екеніне болжам жасап, ықтимал жұлделерді сарптады.

«Негізі 4 спорттан бақ сынаймыз. Ал бесінші ретінде қырғыз спортының бір түрі «Көкбері» дегенге де команда қойып отырымыз. Жалпы 5 спорт түрін біздің қатысушыларымыз, шабандоздарымыз, садақшыларымыз – «сен тұр, мен атайын» деген азаматтар мен азаматшалар. Сондықтан біз барлығынан да үлкен үміт күтеміз. Жеңісті 1-2 орындардан көрініп қалармыз», – деді спикер.

Еске салайық, 29 қыркүйек пен 4 қазан аралығында Түркияның Дүниежүзілік ойындары өтеді.

Ғасырдан аса тарихы бар ел футболының мөрейді сәтін ұлттар лигасынан көрдік. Еуропа чемпионатының жолдамасына мүмкіндік сыйлайтын турнирді Могомед Адиев шәкірттері қарқынды бастады. Топтық кезеңнің төрт ойынынан он ұпай еншілеген ел құрамасы топтық кезеңді қорытындылады.

Алдымен «Астана арена» стадионында Беларусь құрамасын қабылдаған жерлестеріміз қарсыластарын 2:1 есебімен ұтып, тарихи жеңісті тіркеді.

Статистиканы сабақтасақ, Қазақстан мен Беларусь футболшылары бүгінге дейін бес мәрте ресми матч өткізіп, соның төртеуінде қоңақтардың мөрейді үстем болған еді. Тек бір кездесуде ғана екі елдің құрамасы тең тартқан. 2009 жылдан бері Қазақстан құрамасына «Ерест қамалында» айналған Беларусь қорғанысы сыр берді. Екіншісі, осы бір тамаша жеңістен кейін Могомед Адиев басшылығындағы біздің құрама 13 ұпай жинап, «С» дивизионының үшінші тобында жеке-дара көш бастады. Бұған дейін қазақстандық футболшылар УЕФА және ФИФА аясында өткен бірде-бір турнирде өз тобында топ бастап көрмеген еді.

Аталған жеңіс Қазақстан құрамасына топтағы Әзербайжанмен өтетін соңғы ойынның нәтижесіне қарамай-ақ, келесі жылдан бастап «В» дивизионында ойнау мүмкіндігін сыйлады. Тарқатып айтар болсақ, «В» дивизионында Еуропа құрлығының орта деңгейлі 16 құрамасы 4 топқа бөлініп ойнайды. Әр топтың жеңімпазы келесі жылы өзара плей-офф бәсекесін өткізеді. Сөйтіп, төрт мықтының арасынан қара үзіп шыққан екі құрама 2024 жылғы көрі құрлық біріншілігінің финалдык кезеңіне жолдама алады.

30 мыңға жуық жанқуыр саяхатшылар елордадағы матчта Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Могомед Адиев маусым айындағы ойындарда алаңға шыққан негізгі құраммен саяхаттасақ, аса көп өзгеріс жасай қойған жоқ. Қайтаны әдеттегідей Игорь Шацкий қорғаса, қорғаныста Әліп, Мамыр, Марочкин, Габышев, Вороговский бестігі ойнады.



Жартылай орғаниста Тағыбергел, Дарабаев, Зайнутдинов пен Оразов өнер көрсетсе, шабуылда Беларусь қапқасына гол соғуды шебері Абат Айымбетов ойнады. Кездесудің алғашқы таймы Қазақстан құрамасының басымдығын өткізімен, командалар үзіліске тең нәтижемен шықты. 24-минутта Аслан Дарабаевтың есепті ашатын тамы мүмкіндігі болған еді. Алғашы Беларусь қапқашысы қырағылық танытып, қапқасын голдан аман сақтап қалды. Бірақ арада бес минут өткенде қорғаушы Михаил Габышев бөрібір қарсылас команданың қапқасынан санғылау тауып, ұлттық құраманы есепте алға шығарды – 1:0. Өкінішке қарай, жігітті бірінші таймда есепте басымдықты сақтап қала алмады. Бірінші таймға қосылған қосымша минутта Беларусь құрамасы айып добынан гол соғып кетті. Сөйтіп, бірінші тайм 1:1 есебімен тең аяқталды.

Үзілістен кейін де қазақстандық футболшылар шабуылдарын бір сәтке де тоқтатқан жоқ, 60-минутта алғашқы голдың авторы Михаил Габышев дүбелдік авторы атану мүмкіндігін мұлт жіберіп алды. Қорғаушы мен қапқашыны алдап өткізімен, соңғы сәтте допты өркіне бағындыра алмады. Кейіннен Рамазан Оразов пен Абат Айымбетов де есепті еселейтін бір-ең мүмкіндік болған еді. Олар да соңғы сәтте дәлдік таныта алмады. Екінші таймның белортасына жеткенде матч кішіне саябырсығандай болды.

Сөйтіп, ойынды күшейте мақсатында Могомед Адиев алаңға тын ойыншыларды шығара бастады. Мәселен, бірінші голдың авторы М.Габышевтың орнына Бағдат Қайыршов шықса, Рамазан Оразовтың орнына Әліхан Астанов басты. Ардада көп уақыт өтпей бұл өзгеріс өз нәтижесін берді. Беларусь қапқасының мандындағы келесі бір қарбалас сәтте Бақтыер Зайнутдинов жеке шеберлігінің арқасында Беларусь қапқасына екінші голды соғып кетті. Бұл – жартылай қорғаушымыздың ұлттық құрама жейдесіндегі 22-ойындығы мөрейді онының голы болды.

Матч соңына қарай Беларусь футболшылары есепке өзгеріс енгізетін бірнеше қауіпті шабуыл ұйымдастырды. Қапқашы Игорь Шацкийдің шеберлігі болмағанда ойын тең есеппен аяқталуы әбден мүмкін еді. Абырой болғанда қоңақтар қапқашыға бір голдан артық доп соға алмады. Сөйтіп, екі құраманың Астанада өткен екінші кездесуде Қазақстан құрамасының тарихи жеңісімен аяқталды. Қазақстан құрамасы Ұлттар лигасының топтық кезеңінде соңғы ойында Әзербайжанмен кездесті. Бақырмет «Латга Арена» стадионында өткен матч 3:0 есебімен аяқталды. Ойынның 35-минутында Қазақстан құрамасының қорғаушысы Нұралы Әліп енінші ескерту қарғзын алып алаңдан қуады. Бас бапкер көп ойланбай, шабуыл шебінде жүрген Абылайхан Жұмабектің орнына Сергей Мамырды шығарды. Матчтың 66-минутында Александр Марочкин өз қапқашыға гол соғып алды. Соған нұтаннан кейін Филип Особич Шацкий қапқасынан санғылау тапты. Ал 91-минутта Анатолий Нуриев кездесудің күтесін қойды. Осылайша Адиев шәкірттер Баудегі жеңіліске қарамастан 13 ұпаймен өз тобына бірінші орынды иеленді және келесі маусымда В лигасында еңбек көрсететін мүмкіндікке ие болды.

БИБИСАРА ҚАРСЫЛАСЫМЕН ТЕҢ ТҮСТІ



Шахматтан ФИДЕ (WGP) әйелдер арасындағы Гран-при жарысының бірінші кезеңі жетінші турында қазақстандық Биби́сара Асаубаева мен Жансая Әбдімәлік кезекті ойынын өткізді.

Аталған турда Биби́сара Асаубаева ресейлік Полина Шувалованы тең түссе, сол елден келген Александр Костенкоға есе жіберді. Қазір Биби́сараның енішінде 1 жеңіс, 5 тең ойын, 1 жеңіліс бар. Турнир кестесінде жетінші орында тұр. Сегізінші орында келе жатқан Жансая 1 мәрте жеңіске жетсе, 4-еуін тең, 2-еуін жеңіліспен аяқтады. Сегізінші турда Б.Асаубаева қытайлық Тань Чжуньшань, Ж.Әбдімәлік үндістандық Рамешбабу Вайшалимен шеберлік байқасады.

Айта кетсек, бұдан бұрын Астанада өткен аталған турнирдің алтыншы турында Б.Асаубаева алғаш рет жеңіліс, Ж.Әбдімәлік бірінші рет жеңіске жетті. Сол жолы Биби́сара польшалық Алина Кашлинскаяға есе жіберсе, Жансая ресейлік Полина Шуваловадан айласын асырып кетті. Ал бесінші турда Биби́сара ресейлік Екатерина Лагномен тең ойнаса, Жансая қытайлық Чжу Цзиньэрге жоп беріп, турнирде алғаш рет жеңілді.

ЖӘНІБЕК ҮЗДІКТЕР ТІЗІМІНДЕ



Никарагуалық бокс шолушысы Леви Луна жылдың ең үздік нокауттарының қысқа тізімін жасады.

Бұл тізімге британиялық Дэнни Дигмунды сұлақтан Жәнібек Олпайқұлұлының орындауында нокаут та кірген екен. Жәнібек ол кезде қарсыласын екінші раундта құлатқан болатын. Осы жеңіліс арқасында ол WBO ұйымының «уақытша» чемпионы атанған.

Айта кетейік, жеңілмеген қазақстандық боксшының ендігі қарсыласы – британялық Дензел Бентли. Жуырда ғана қос спортшы 12 раундтық жеке-жеке өткізу туралы келісімге келгені белгілі болды. Лура-Венгасты бұл бокс көші 12 қарашада өтеді. Бентли 160 фунттан WBO тұжырымына чемпионыдық үміткерлер арасында 14-орында тұр, бірақ Әліпханұлы міндетті қорғау өткізбесе де болады.



Қазан айының алғашқы күндерінде Ташкентте дзюдодан өрлер мен әйелдер арасындағы әлем чемпионатының жалауы желбірейді. Төрткүл дүниенің ең мықты балуандары бас қосатын байрақты бәсекеде ел намысын қорғайтын балуандар белгілі болды.

Қазақстанның өрлер құрамасының бас бапкері Нұрбол Сулейменов тоғыз шәкіртіне сенім артты. 60 келі салмақта Елдос Сметов татамиге шығады. Ұлттық команданың сапындағы ең аттық балуанымыз соңғы кездері 66 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен мөлді. Бірақ жолы болмай, жауапты жарыстарда жеңілісті керемек дөмің татты. Содан федерация басшылығы және жеке жаттықтырушысы Ғалымжан Жылкелдиевтен ақылдаса отырып, үйреншікті салғын қайта оралды.

Ал бұған дейінгі әлем чемпионаттарында ол екі рет жеңіс тұтып қана көтерілген еді. Атап айтсақ, 2015 жылы Астанада алтын алса, 2019 жылы Токиода қола медальды мойнына ілді. Оған бөлек, Сметовтің Олимпиада ойындарының күміс пен қола жұлдегері, Азия ойындарының жеңімпазы және құрлық чемпионы деген атақтары тағы бар.

Елдоспен бірге бұл салмақта Маржан Шамшаддин де күш сынасады. Осыдан біреу жыл бұрын жастар арасында әлем чемпионы атанған Сыр балуаны ересектер дүңда біразға дейін айшықты өнерімен көзге түсе алмай

жүрген еді. Десек те кейінгі жылдары ол үздіктер қатарына енді. Былтыр Мағжан Будапешттегі дүниежүзілік додала жеңіс тұғырына сынық сүйем қалғанда сүрініп, бесінші орында қанағат тұтты. Биыл Загребте өткен Grand Slam турнирінде бас жүлдені алған Астанадағы уйымдастырылған Азия чемпионатында қола медальды қоржына салды. 66 келі салмақтағы Гүсман Қыргызбаев былтыр Мажарстанның астанасында шымылдығы түрілген әлем чемпионатында қазақстандық дзюдошылар арасындағы өзін жеңіп алды. Ақтық сынга дейін алқынбай жетіп, финалда ресейлік Яго Аблодзеге есе жіберді. Будапешттегі күмістен бөлек, Гүсманның енішінде құрлық біріншілігінің қос қола медальы бар.

73 келі салмақ дәрежесінде Данияр ересектердің Азия чемпионатына алғаш рет қатысқан Азия чемпионатының барлық қарсыласын айқын басымдықпен жеңді. Бастапқы бәсекелерінде үндістандық Суреш Сингх пен тәжікстандық Бехруз Ходжазаданы небәрі 42 секундта жеңді. Жартылай финалда Биыл ғана жастар арасындағы Азия чемпионатында топ жарған қырғызстандық Шыңғысхан Сағыналиевті 31 секундта сан соқтырды. Финалда Даниярдың жолы Әбдікәдирдің танымал балуаны, Лиссабондағы Гран-при турнирінің жеңімпазы Мұраджом Юлдашевпен ұлысты. Бұл бәсекеде ол қарсыласын 34 секундта-ақ ұлып ұрды. Осылайша, Шамшаевқа Азия чемпионы атану үшін бар-жоғы 149 секунд жеткілікті болды.

ЕЛ НАМЫСЫН КІМДЕР ҚОРҒАЙДЫ?

81 келі салмақта Абылайхан Жұбаназар күрессе, 90 кило салмақта Дидар Хамза сайысқа түседі. Жиырмадан енді ғана асқан шағында Азия ойындарында алтын алып, одан кейін біржарат аса ірі халықаралық турнирде атой салған Дидар кейінгі кездері үкілі үмітінді актай алмай жүр. Былтыр Токио Олимпиадасының алғашқы айналымында сүрінгеннен кейін ол салмағын ауыстыруды жөн көрді. Бастамасы жаман емес. Биыл Хамза құрлық біріншілігінің қола медальін еншіледі.

100 келі салмақта Исман Бозбаева сенім артып отырымыз. Азия ойындары мен Азия чемпионатын қоса алғанда, бес рет жеңіс тұғырына көтерілген Исманның басқа да жауапты жарыстарда жеңіп алған жұлделері жетерлік. Бірақ Олимпиада ойындары мен әлемдік додаларда оның асығы апшысынан түсер емес. Ол да Биыл салмағын ауыстыруды құл көрген екен. Бәлкім, Ташкентте Бозбаевтың бағы жанар. Осы салмақта Исманмен бірге Сырдың тағы бір балуаны Нұрлыхан Шархан да күш сынасады. Елордада өткен додала ол өзінен әлдеқайда тәжірбиелі әрі атақты қарсыластары жолынан ығыстырып, қола медальды еншіледі.

Ал аса ауыр салмақта Қазақстанда бәсежелестік мүлдем жоқ. Соның салдарынан дүбірлі додалар кімдерді апарар та, алғашқы айналымында сүрінуде. Бұл жолы бапкерлердің таңдауы тәжірбиелі Ерасыл Қажыбаевқа түсіп отыр. Салмағы 150 келі тартатын қазақтың алғашы Ташкентте өз жанқуірлерін жерге қаратпады деген ойдымыз.

Өлеңдер арасындағы жарыста Қазақ елінің намысын сегіз дзюдошы қорғайды. Олар – Әбіба Әбужақыпова (48), Гауһар Ирмағамбетова (52), Севара Нысанбаева (57), Мөлдір Нарынова мен Әміркул Купцова (63), Анастасия Маякова (70), Арна Жангелдіна (78) және Камилла Берпіқаш (78 келі).

“ҚАЗАН ТАЗАЛАП, МИЛЛИОН ТАБАМЫН”

Гүлнәр ЕСМАХАН, кәсіпкер:

– Қазан тазалау сырттай оңай шаруа көрінгенмен, машақаты көп жұмыс. Бұл бастаманы қалай қолға алдыңыз? Қайдан үйрендіңіз?

– Ең алғаш қазан тазалау курсы жайлы инстаграм желісінен білдім. Әйел адам үйдегі барлық дүниені таза болғанын қалайды ғой. Менде күнделікті асханамда пайдаланатын таба, қазандарым мұнтаздай болсын деген ниетпен курста тіркелдім. Тек білім алып қана қоймай, қазан тазалау технологиясын бизнеске айналдыруға болатынын түсіндім. Бастапқыда Жаңақорған ауданынан тапсырыс қабылдап, заттарды алып, тазалап болған соң қайта апарып беріп жүрдім. Бұл жұбаны шығаны аз, табысы моп бизнес деп толық сеніммен айта аламын. Өрі кәсіпімді тұрақты жүргізуіме инстаграм желісінің, оқырмандарымын ықпалы зор.

– Өр әйел адам ас үйдің ханшайымы екені рас. Алайда кейде бәрине бірдей үлгеру мүмкін емесей керінесі. Ал өзіңіз төрт пісіріп, инстаграмда жеке парақшаңызды қызықты етіп жүргізіп, мастер-класс өткізуге қалай уақыт табаңыз?

– Қазан тазалаудан белек аудан, ауыл тұрғындарынан тапсырыс қабылдап, төтті тоқаштар пісіремін. Аталған жұмыстарды күнделікті жасап жүрген соң, өмірімдегі ең жақсы әдетіме айналдыра алдым деп ойлаймын. Содан бөлек мүмкіндігіңе бәрине үлгеруге тырысамын.

– Отбасылық кәсіп ісіндегі жақындырыңыз да көмектеседі екен. Аталған кәсіпті берекелі бизнеске айналдырған отбасыңыз жайында да айтып өтіңізші...

– Иә, қазан тазалау барысында жолдасым көп қолдау білдіріп, көмек көрсетеді. Алғашқыда екеуміз бірге тапсырыс қабылдап, бизнеске кадам жасадық. Өрі көсіп бастаған уақытта үйде анан да болып, қолғабыс еткен соң, тұтынушылар тапсырысын ойдағыдай төлемдеуіне қолдау бердік. Жанындарымның қай ісі болсын жақсы жасау алатынына сенім білдіріп, жанымын табылатыны үшін ризамын.

– Тапсырыс қабылдау барысында қандай да бір аппарат қолданасыз ба? Жалпы бір тапсырысты толық бітіру үшін қанша уақыт қажет?

– Әрине, тазалау жұмыстары кезінде арнайы аппараттың көмегі пайдаланамыз. Тамақ пісіретін табаларды тазалау 15-20 минут уақыт алады. Ал үлкен қазандарды ағарту жарты сағатқа созылады.

– Қызметіңіздің құнын қалай бағалайсыз? Бір қазанды тазалау бағасын айта аласыз ба?

– Қызметіңіздің құнын белгілемес бұрын қазанның майлылығына, қаншалықты лас немесе кіршен болғанына қараймыз. Әдетте табаларды айнадай етіп жапыртсақ, еңбегімізді 2000-2500 теңгеге бағалаймыз. Өр ыдыстың жай-күшіне байланысты белгілі бір көлемде нақты баға қойылған. Қазір қазан тазалап, айына бір миллион табыс тауып жүрмін.

– Осы уақытқа дейін сізден қанша адам осы әдісті үйренді?

– Мастер-класс арқылы 500-ге жуық қыз-келіншек қазан тазалау технологиясын меңгерді. Басым көпшілігі осы бағытта өз кәсіптерін жүргізуде. Ара-тұра еңбектерінің нәтижесімен бөлісіп, сүйінші сұрап отырады.

– Алдағы жоспарыңызбен бөліссеніз...

– Алдағы уақытта аудан аумағынан жер алып, қазан тазалайтын орталық ашқым келеді. Ойткені қазір аудан мен ауыл арасында қазандарды тасымалдап жүру біршама қиындық туғызуда. Адал еңбектің арқасында бұл мақсатымызға жететінімізге сенемін.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Гүлдана ЖҰМАДИН



Біз жағалы отырған кейіпкер кәсібінің жөні бөлек. Өр қыз-келіншек күнделікті ас жабыдғын таза ұстауға тырысатынын белгілі, бірақ үйреншікті көрінетін әдетті табысқа айналдыруға болады. Сөзімізге Жаңақорған ауданындағы Көден ауылының тұрғыны Гүлнәр Есмаханнның жана кәсібі дәлел. 34 жастағы “Күміс алқа” иегері қара қазан арқылы қалай миллион теңге табуға болатынын айтып берді.

Себебі бұл сенің рухани жан дүниенің тазаруына көмектеседі. Қазір көпшілік кітап оқимайды деген бар. Алайда кітапхана қызметкерлері бұл сөздің шындыққа жанаспайтынын дәлелдеді. Оған себеп – орталық алаңда өткен шарға келуші халықтың саны.

Қала күні мерекесіне орай өткен «KITAP FEST» кітап фестивалі тұрғындардың көңілінен шыққаны анық. Шараның мақсаты – оқырмандар санын арттыру, кітап оқуды насихаттау. Сонымен қатар кітап алмасу мәдениетін қалыптастыру да басты назарда. Яғни, өзін оқып болған кез келген кітапты қалаған кітапқа ауыстыруға болады.

Қала мерекесінің кезекті тағлымды шарасы Өнер артыстанда өтті. Мұнда кітап көрмесі мен «Букроссинг» кітап серісінің ашылу салтанатын ұйымдастырды. Сондай-ақ шаһар басшысы Асылбек Шаменов, қалалық мәслихат хатшысы Ибадулла Құттықожаяв және Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, режиссер Хусейін Әмір-Темір кітап серісінің лентасын қиып, арнайы кітапшаға лебізін жазды.

– Сүйікті қаламыздың төл мерекесіне орай ұйымдастырылған игілікті шаралар Өнер артыстанда жалғасын отыр. Бұл шарға мән-мағынасымен ерекшеленді. Себебі кітап – ол рухани қазына, сарылмас байлық. Өмір айнасы, замана сырғы. Тарих шежіресі, оқу-тәрбие құралы. Ол адамзат баласының баға жетпес асыл құндылығы, ғылымның қайнар бұлағы. Қазіргі таңда электрондандырылған кітаптар тұрғындарымызға қолжетімді болды.

Жаңа туындылар кітап сөздеріне қойылып, оқырмандарға көңілден таныстырылып келеді. Десе де жастарды кітап оқуға ынталандыру бағытында жасалатын шараларды тоқтатпау керек. Бүгінгі фестиваль дәстүрлі және қазақ әдебиетінің үздік үлгілерімен жасап өткізілген тарихын дәріптейтін көптеген әдебиеттермен танымал мүмкіндік беріп отыр. Балаларға арналған кітап базарының өз алдына ерекше. Қаламыз кітап дүкендері, баспа үйлері түрлі кітаптарды сатып алуға жағдай жасап, оқу орындары өз әдебиеттерімен қамтуда. Бұл жерлерге жасалған үлкен мүмкіндік, бағалы сый. Сондықтан баршылығын кітап оқуға, рухани азық алуға шақыраймын – деді Асылбек Шаменов.

Көмеге келушілер алдымен «Өткені сыры, келешегі



«Кітап – тақтан да қымбат. Иә, кітаптың оқыған кездегі әсері шексіз. Кітап арқылы біліміңді шыңдайсың, оқи отырып сан түрлі кейіпкердің өмірін көз алдына елестетесің. Кез келген адам өзіне жоспар құрады. Сол жоспардың ішінде «бір айда осынша кітап оқимын» деген мақсаттың болуы шарт.

жәрмеңесімен танысты. Кітап фестивалі аясында Түркістан қаласынан «Мазмұндама» қоғамдық қоры, сондай-ақ облыс орталығындағы «Кітап ап» дүкенінің кітаптары сатылымға шығарылды. Қала әкімі бастаған топ «Букроссинг» кітап серісінің ашылу салтанатына қатысып, кітапханалардың мәдени шарасы мен «Bookalot» зияткерлік сайысына ұласты.

Иә, кітапханаға бас сұға қалсаңыз, құр қол шыңдасаныңыз анық. Себебі кітапханада көр көбірек. Бағамдай қарасаңыз, оқуға тұрарлық кітап табарыңыз анық. «Поэзия» мен «Проза» бөлімінде жаңа жайлы шығармалар қатары артса, «Балалар бөлімінде» балалар қызыға оқыған, суретімен баруытын еңбектер жетерлік. Тек кітапқа мұқият болып, бүгінгебүгін қарағаласаның болғаны.

Мәлдір САБЫРЖАН

Таразы Денсаулығыңызға мән беріп, дәрігерге қаралыңыз. Өрі спортпен белсенді түрде айналысуды ұмытпаңыз. Уақытылы ұйықтап, саламатты өмір салтын ұстанған дұрыс. Жұмыс пен демалатын уақыт арасында тепе-теңдік болуы тиіс.

Сарышаан Сүйіктісі бар сарышаандарда қызғаншақ мінез пайда болады. Отбасын құру туралы ұсыныс түсі бек мүмкін. Алайда дәл қазір шаңырақ көтеретін уақыт емес. Бір-бірінді қызғанып, артында жанжал туындауы мүмкін. Ал отбасын сарышаандарда еш мәселе туындамайды.

Мерген Парасаттылық күнделікті тұрмыста көп көмектеседі. Сіз адамдармен жылдам тіл табысасыз. Маңызды шешім қабылдауда жүректің емес, ақылдың көмегіне жүгінетінініз содан.

Тауешкі Бұған дейін қабылдаған шешімдеріңізді қайта қарап, өзгеріс енгізісіз. Дәл қазір өзіңізді жан-жақтылыққа баулып, кемелдендіре түсуіңізге болады. Бейтаныс адамдарға сырындызы айтудан сақтаныңыз.

Сұқыйғыш Бұл жолы шешімді дұрыс қабылдайсыз. Бірақ қателіктерді түзетуді ұмытпаңыз. Сіз өзіңізге және өзгелерге сын көзбен қарай аласыз. Шешім қабылдауда өзгелермен ақылдасқаныңыз жөн, бірақ соңғы сөзді тек өзіңіз айтуыңыз керек екенін ұмытпаңыз.

Балықтар Қаржыны жаратуда түрлі қиындық туындайды. Сол себепті ақшаға қатысты жоспар құрмағаныңыз жөн. Бойыңызда сенімсіздік басым болса да, шешімді өзіңіз қабылдап, өз бетіңізше жұмыс істеуіңізге тура келеді. Сүйенгізіңізбен әр сөзге бола жанжалдасуды қойыңыз, қай жағдайдан да үндемей құтылуға болады.

Көкешіт редакторы: М. КЕЖІЖЕГҮЛОВА

30 ҚЫРКҮЙЕК – 7 ҚАЗАН. ЗОРАМАҢ. Зодиак айы: Торпақ, Егіздер, Шаян, Арғыстан, Бикеш, Тақтық Достармен қарым-қатынаста тоқтылар белсенділік танытады. Қызықты хабардан құлағар етіп отыратын адамдармен танысасыз. Той-жынаға шақыру келеді. Дәл қазір білім алу мен саяхаттау үшін таптырмас уақыт. Махаббат мәселесінде де жолығың болғалы жүр.

Table with 3 columns: Contact info (BAS ДИРЕКТОР Аманжол ОҢАРБАЕВ, BAS РЕДАКТОР Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ), Address (Qazan, Kazakhstan), and Social Media (Instagram: @aqmeshit_zhastary). Includes phone numbers and website URL.